



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 26 қазан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышевтың ҚМЭБИ университетінің студенттеріне арналған дәрісі туралы



Ұлттық Банктің еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен ашықтығы және ынтымақтастығы тұжырымдамасының шеңберінде ҚМЭБИ университетінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышевтың университет студенттеріне арналған дәрісі өткізілді. Дәріске ҚМЭБИ университетінің 150-ден астам студенті қатысты.

Дәріс барысында Ұлттық Банк Төрағасы орталық банктер қызметінің негізгі функциялары мен бағыттары туралы, сондай-ақ орталық банктер пайдаланатын ақша-кредит саясатының түрлі режимдері туралы айтып берді. Елдің төлем балансына және оның өзгерістеріне ықпал ететін факторларға қатысты мәселелерге ерекше назар аударылды.

Сөз сөйлегеннен кейін студенттер ҚРҰБ Төрағасы Д. Ақышевқа сұрақ қоюға мүмкіндік алды.

Студенттерді Ұлттық Банктің Үкіметпен өзара іс-қимылы, зейнетақы активтерін инвестициялау және зейнетақымен қамсыздандыру, Ұлттық Банктің криптовалюталарға қатысты көзқарасы мәселелері барынша қызықтырды. Сонымен бірге Ұлттық Банк Төрағасына оның

мамандығы мен кәсібін таңдауы, қызығушылықтары және күн тәртібі туралы бірнеше жеке сұрақ қойылды.

Данияр Ақышев Ұлттық Банкте оның ішінде ҚМЭБИ түлектерінің жұмыс істейтінін айтып берді және студенттерді университетті аяқтаған соң ҚРҰБ-дағы бос лауазымдарға орналасуға арналған конкурсқа қатысып, бақ сынауға шақырды. Бұл ретте ол экономикалық мамандықтарда оқып жатқан студенттердің елімізде және бүкіл әлемде орын алып отырған қаржылық процестерді жақсы түсінуге тиіс екендігін атап өтті.

Ұлттық Банк Төрағасының қатысуымен осындай дәрістер және басқа да іс-шаралар Қазақстанның ең үздік университеттерінде тұрақты негізде өткізілетін болады. Бір ай бұрын, 26 қыркүйекте Nazarbayev University оқу орнында университет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп әзірлеген Қаржы жөніндегі ғылым магистрі (MSF) бағдарламасының ашылғанын еске сала кетейік.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz